ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

25 желтоқсан 2024 жылғы №6309-24-00-2/3425 іс Өскемен қаласы

Шығыс-Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ибраева Н.Е. оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шығыс» өңірлік қолбасшылығы» РММ - Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6638 әскери бөлімі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Клуб миллиярдеров» Ташим Асылжан Орынтайұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 146, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы» РММ - Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6638 әскери бөлімі жауапкер дара кәсіпкер «Клуб миллиярдеров» Ташим Асылжан Орынтайұлын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Клуб миллиярдеров» Ташим Асылжан Орынтайұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Клуб миллиярдеров» Ташим Асылжан Орынтайұлынан мемлекеттің пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай ішінде Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Шығыс қазақстан облысының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья: **Ибраева Н.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 25.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 07.02.2025, судья Ибраева Н. Е., 14.02.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»